



**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУ  
САПАСЫН ЖАҚСАРТУДА  
ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУДЫҢ  
РӨЛІ**

**Мақсаты:** бастауыш сынып оқушыларының білімге оқу сапасын арттырудағы қалыптастырушы бағалаудың тиімділігіне көз жеткізу.

**Міндеттері:**

1. бағалаудың түрлерін (теориялық, жиынтық, қалыптастырушы) анықтау.
2. Формативті бағалаудың білім сапасына тигізетін оң әсерін анықтау.
3. Оқытудың қиындықтарын анықтау.
4. Стандартты бақылау және орындау, оқыту бағдарламасының мазмұнын, білім беру стилін бақылау.
5. Формативті бағалаудың тиімді тәсілдерін, стратегияларын қалыптастырып, қолдану.

# КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ

Жиынтық бағалау  
(оқуды бағалау)-  
**суммативті**  
бағалау

- Оқуды бағалау кезінде бір оқушының жетістіктерінің белгіленген нормалармен немесе бірдей жастағы оқушылар тобының қол жеткізген деңгейімен арақатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Мұндай қорытындылар стандартқа немесе әдетте балл немесе деңгей түрінде межелікке «сәйкес\сәйкес емес» деген нысанда болады. (МАН 25)

Қалыптастырушы  
бағалау (оқыту  
үшін бағалау) –  
**формативті**  
бағалау

- Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу. (МАН 25)

# ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ

- Оқушының күнделікті білім сапасы;
  - Күнделікті жұмыс жасау;
  - Білім алудағы олқылықтарды күнделікті түзеу;
  - Қорытынды бағалауда есепке алынбауы;
- Яғни біз “5” балдық бағалау жүйесінің жақсы қасиеттерін сақтаймыз.

# ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ

Оқыту  
мақсаты

Бағалау  
критерий

Табыс  
критерий

Өзін-өзі  
бағалау және  
өзара бағалау

Кері  
байланыс

# Оқыту мақсаты

Оқыту мақсаттары – балалардың не оқығанын қалайтындығыңызды білдіреді. Олар оқушылар не білуі, не түсінуі тиіс екендігін немесе сабақтың соңында немесе бірнеше сабақтан кейін не істеуге қабілетті екендіктерін сипаттайды.

Оқу міндеттері – оқу мақсатына жетуде жасалатын кішігірім қадамдарды білдіретін тұжырымдар. **Жоспарлау** кезінде оқыту мақсаттары мен міндеттері оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес болуы тиіс.

# ТАЛДАУ ЖАСАЙЫҚ !

- Сабақтың тақырыбы: Процент
- 1- мысал: Сабақ мақсаты: Процент туралы түсіндіру, процентке байланысты есептерді шешу дағдысын қалыптастыру.
- 2-мысал: Сабақ мақсаты: 1. Процентті белгілеу, жазу және санның процентін таба білу.  
2. Процентті ондық және жай бөлшекке айналдыра білу.  
3. Процентке байланысты есептерді шеше білу.

# Сұрақтар:

- Қайсы сабақ мақсатында оқудың талаптары анықталған ?
- Оқушылардың көпшілігі қайсы талаптарды орындай алады?
- Қайсы сабақ мақсатын бағалауға болады ?
- Оқушылар қайсы сабақ мақсатын орындай алады ?
- Етістіктер қайсы сабақ мақсатында нақты ?



# Бағалау критерийлері БЛУМ таксономиясы негізінде

Мақсаттар	Пайдаланылатын етістіктер
Білім	еске түсіру, анықтау, мақұлдау, қайталау, атау, әңгімелеу, ұсыну, табу
Түсіну	қайта қарастыру, сәйкестендіру, талқылау, тарту, мойындау, қайта қарау, түсіндіру, әңгімелеу, айқындау
Қолдану	көрсету, тағайындау, орындау, суреттеу, қолдану, пайдалану, айналысу
Талдау	ажырату, саралау, үміт арту, даулау, жатқызу, салыстыру, тәжірибеден өткізу, қарама-қарсы қою, зерделеу
Жинақтау	тұжырымдау, оқыту, әзірлеу, дамыту, қайта анықтау, ұсыну, жасау
Бағалау	жорамалдау, бағалау, таңдау, баға қою, анықтау, санау, өлшеу, айыптау

# Табыс критерийлері

- Табыс критерий – оқыту міндеттеріне қол жеткізуде «ЖЕТІСТІККЕ АПАРАТЫН ҚАДАМДАРДЫ» көрсетеді, негізгі білімдерін бекіту үшін сабақ бойы қолданылады. Табыс критерий нақты және 2-3 –ден аспау керек.
- Табыс критерийлері – мұғалімдердің оқушыларға нені оқығандарын нақты тұжырымдауға көмектесу үшін пайдаланатын және оқушылармен олардың жұмысы туралы диалогқа және өзара іс-қимылға негіз бола алатын өтініштері

# САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: ТІС ЖӘНЕ ТАМАҚТАНУ

- Оқыту мақсаты: 1. Адамдарда болатын әртүрлі тістерді атай білу.  
2. Әрбір тістің қызметін түсіндіре алу.  
3. Тістің пішіндері оларға түрлі жұмыстарды атқаруға мүмкіндік беретінін білу.

- Табыс критерийлері: 1. Қандай тістер азу, ұры және күрек тістер екендігін атай білу.  
2. Азу тіс шайнауға, ұры тіс жаруға, күрек тіс кесуге арналғандығын білу.  
3. Түрлі тістер қандай пішінде болатынын білу.

# Өзін өзі бағалау және өзара бағалау бойынша нұсқаулық



Жұппен жұмыс істеу кезінде сыныптастарды бағалау және өзін өзі бағалау – бұл балалардың бір-бірінің жұмыстарына немесе өз жұмысына жай баға қоюдан біршама өзгеше. Оқыту үдерісін жақсарту үшін бұл әрекет балаларды өз жұмыстарының сапасына қатыстыруы және оны қалай жақсартуды ұғынуына көмектесуі тиіс.

**Сыныптастарын бағалау балаларға бір-біріне құнды кері байланыс ұсынуға мүмкіндік береді, осылайша, олар бір-бірінен үйренеді және бірін-бірі қолдайды. Бұл оқыту үдерісінің бағалы өлшемін ашады: қарым-қатынас жасау, талқылау, түсіндіру және бір-бірін тартысқа шақыру мүмкіндігі балаларға дербес оқу шегінен шығатын әрекетке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сыныптастарын бағалау өзін өзі бағалау қабілетін дамытуға көмектеседі, ол балаларға өз прогресі үшін үлкен жауапкершілік алуға көмектесе отырып, тәуелсіз оқуға ықпал етеді.**

Дереккөз: <http://nationalstrategies.standards.dcsf.gov.uk/node/18700>


1) Өзара бағалау және өзін өзі бағалау жүргізуге мүмкіндік беріңіз.



2) Нәтижелерді оқу мақсаттарымен байланыстырыңыз.



3) Нақты табыс критерийлерін ұсыныңыз.



4) Бағалау барысында балаларды тиісті сөйлеу дағдыларын дамытуға үйретіңіз.



5) Талқылауға және ойлауға мүмкіндік беріңіз.



6) Өзін өзі талдау барысында балаларға бағыт беріңіз.



# Кері байланыс

- Кері байланыс үрдісінде жеке мақсатты көрсеткіштерді алдын ала анықтауда, оқушылар жауабын мадақтау және бағалау
- Негізгі идея - оқушыларды өздерінің жұмысына қатысты айтылған пікірлер жайында ойландырып, оларды келешекте жетілдіру мүмкіндіктерін табуға ынталандыру.

5- класс

Самостоятельная работа

выполните действия

а)  $0,894 + 89,4 = \underline{1,784}$

б)  $241,608 + 24,7 = \underline{244,15}$

в)  $6,4 - 2,96 = \underline{3,56}$

г)  $50,1 - 9,323 = \underline{40,787}$  ?

$$\begin{array}{r} \cancel{0,894} \\ + \cancel{89,4} \\ \hline 1,784 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \cancel{241,608} \\ + \cancel{24,7} \\ \hline 244,15 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \cancel{6,4} \\ - \cancel{2,96} \\ \hline 3,56 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \cancel{50,100} \\ - \cancel{9,323} \\ \hline 40,787 \end{array}$$

2

5 класс

Самостоятельная работа.

выполни действия:

а)  $0,894 + 89,4 = \underline{1,788}$

$$\begin{array}{r} 0,894 \\ + 89,4 \\ \hline 1,788 \end{array}$$

б)  $241,608 + 24,7 = \underline{488,608}$

$$\begin{array}{r} 241,608 \\ + 24,700 \\ \hline 488,608 \end{array}$$

в)  $6,4 - 2,96 = \underline{3,44}$

$$\begin{array}{r} 6,40 \\ - 2,96 \\ \hline 3,44 \end{array}$$

г)  $50,1 - 9,323 = \underline{59,423} = \underline{59,423}$

$$\begin{array}{r} 50,100 \\ - 9,323 \\ \hline 59,423 \end{array}$$

Молодец!  
В примерах б) и г)  
правильно испан-  
зован алгоритм  
дробей, исправь  
ошибку при вы-  
читании.

Решив примеры а) и б) используй  
следующий алгоритм:

- 1) уравни в дробях количество знаков  
данных их после запятой;
- 2) запиши их под друг друга так,  
чтобы запятой была под запятой;
- 3) выполни сложение не обрывая вы-  
числения на запятой;
- 4) поставь в ответе запятую под  
запятой в данных дробях.



Назарларыңызға рахмет !